



**ЫРЫС АЛДЫ - ЫНТЫМАК**

**В ЕДИНСТВЕ - НАША СИЛА**

# Қаратал

**Аудандық қоғамдық-саяси басылым** ● **Районная общественно-политическая газета**

Газет 1932 жылдың мамырынан бастап шығады  
Газета издается с мая 1932 года

● **№ 20-21 (6920-6921), 18 мамыр 2007 жыл, жұма**

# ТЕҢІЗДЕН ТЫНЫС АЛҒАН



Днепр, орыстың М.Шолоховы Дон, Әбділда ағамыз Сырдария өзенін, Әбу атамыз көрі Каспий, Әбдіжәміл мен Зейнолла ағамыз Арал теңізін талмастан жырлаған. Танымал балалар жазушысы, қарымды публицист Ж. Дәуренбеков пен С. Жұбатыров та осы шоғырдан көріне білген. Міне осы шамырқанған өзен мен шалқыған теңізден тыныс алған қаламгерлер сапына сонәу мектеп қабырғасынан бастап күні бүгінге, яғни алпыс - тал тұс шағына дейін тынбастан қалам тербеп жүрген ақбоз арғымақты жазушы, журналист Жанат Елшібекті де күлтелеп қоссақ, әбден жарасыммен табар еді. Неге десеңіз, жалаң аяғымен жар, қызыл тобығымен қар кешкен көзеннен бері жағасында қара талы жайқалған, ұзын аққан Қараталдың көркіне, бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған көгілдір Балқаштың ғажайып сұлулығына сүйсініп өскен Жәкең шөл даласы мен шөлейт өңірі басым қазақ даласының жауһары саналатын телегей теңізбен кіндігінің бірге байланып, тек соның жан сарайын жадырататын тынысымен тыныстап келгендігі үлкенді-кішілі туындылары арқылы айна көтесіз дәлелден келді, әлі де осы ұстанымға берік болатындығына деген сенім де зор.

Әдеби бүркеншек атының өзін Ж. Балқашұлы деп тандаған Жәкеңнің ел ағасы атанғанға дейінгі дамылсыз жырлап келе жатқан әлімсақтан бері төрткүз әлемге Көкше теңіз деген атымен танымал Балқаш жайлы бірер - жар деректер келтіре кетсек қадірменді оқырман үшін артық бола қоймас. Әлемдегі

бірден бір ашы да, тұшы судан тұратын Балқаш көлі теңіз деңгейінен 343 метр биіктікте жатыр. Ұзындығы 600 шақырым, ені 70 шақырым, орташа тереңдігі 5 метр, ең терең тұсы 26, 5 метр. Өткен ғасырдың басынан ортасына дейін оның су деңгейі біресе төмендеп, біресе көтеріліп отырған. Ғалымдар 1998 жылдан теңіз деңгейінің 1,5 метрге көтерілгенін тіркеген.

Жәкеңнің Балқашым - бағым деген тақырыпты қаншалықты дәрежеде игере білгендігіне көз жеткізу үшін көп емес бір ғана «Қош бол, теңіз...» повесінің құндылық жағына аз-кем тоқтала кетейікші. (Аталған шығарма республикалық «Жалын» баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бай-гесінде жүздегер атанған. Автор). Повестің басты кейіпкері жас жиһангездер. Мектеп оқушылары: тарамыс - Тілеулес, шірен - Шешенхан, Мөңдіғалы, жас суретші Мәлік, теңіз тарланы Мақан ақсақал және басқалар. Жазғы қаниқулағ шыққан, ерлікке бір табан жақын тұратын жас сарбаздар көктем мен күздің аласапыранды күндерінде дауылмен тайталасқан, қыстың боранды күндерінде сүйменімен көк мұзды ойып, жалаңаш қолымен жылым тартқан балықшы агаларына серік бола жүріп, Балқаштың егін-тегін, көл-көсір жер, су, құс байлығымен жете танысады. Осындай танымдық сыр сипат арқылы оқырманның ой өрісін кеңейтеді Көкше теңіздің баға жеткісіз байлығынан хабардар етеді. Қаламгердің суреткерлік шеберлігі де осы тұста жарқыра көрінеді. Тек тап басып сезіне, түйсіне білу қажет.

Жаздың жайма шуақ күндерінде айдың күн сүйіп, мейірленіп жататын, бір тұтастай көрінетін қарт Балқаштың балықшыларға нәсіп болған Қоржын, Жыңғылды қайыр, Құстым-сыз, Тасарал, Шайтан арал және Ұялы көл сияқты кірігіп кеткен аралдары мен көлінің бар екендігіне Жәкеңнің жоғарыдағы повесін оқыған сәтте қанығармыз бар. Қарағай басын шортан шалған қиы-қилы заманда талай адамның аш өзегіне талғажу болған Көкше теңіздері су маржанының санын зерттеуші ғалымдар жетпістен астам дейді. Дауымыз жок. Жәкеңнің аталмыш шығармасының басты кейіпкері Мақан атаның айтуынша: «Балқашымда жиырмадан астам балықтың түрі тіршілік етеді». Теңіз суы құрамының өз ерекшелігіне орай табиғи жолмен өсіп-өнетін

балықтың осы жиырма түрін жетік білетін автор жіпке тізген тасбиқтың тасындай санамалап шығады. Ауызекі тілде жиі аталатын ма-ринканың қарабалық, қарттың тұқы екендігіне көзіңіз жетеді. Балықтың төресі - бекіре мен сары сазанын, ақ марқасын айтсаңшы, шіркін!

Көгілдір Балқаштың қайнауында үйір-үйір болып жүретін әлгіндегі балығы судың астындағы қиспасыз байлығы болса, алқұнен нұр алатын, желмен бесікше тербелетін үстіңгі қабатының байлығы - құсы. Көл қоритын қызғыш, қалбағай нән ақ шаңқан шағаладан, қасқа бауыр қасқалдақтан бастап, киелі құс аққу да осы аймақтың көркі мен ажары. Құс атаулы біздің қанатты досымыз. Сондықтан оны қынадай қырмай сақтай білуіміз абзал. Жоғарыда аталған жас жиһангездердің таным түсінігі менісі әрекеті арқылы автор оқырманын да осы деңгейден көрінуге шақырады.

Қаламгер қарт және жас балықшылар өмірі мен таным түсінігін қатар алып, жайшылықтағы және шытырманды оқиғалар үстінде нанымды түрде көрсету арқылы оқырманды жылдың төрт мезгілінде қырық алуан құбылатын теңіз табиғаты арқылы тәрбиелеуге ұмтылады. Бұл орайда басты кейіпкердің бірі - теңіз тарланы Мақан ақсақалдың сан қырлы ісі әрекеті мен ұстамды мінезін, тәлімді өнегесіне жүгінеді. Жалғыз ұлы соғыстан оралмаған, балықшы кәсібінің суығына тоңып, ыстығына күйген Мақан қария бейнесі жиынтақ образ түрінде сомдалған.

Шығармашылық кемеліне келген жерлес жазушымызға «Қарашығы секілді қара көздің» (Ж. Башар), яғни Көкше теңіздің мұңы ғана емес оның төңірегінде қордаланып қалған проблемаларды, әсіресе балықшы ағайын-дардың еңбегі мен тұрмыс тіршіліне қатысты туындаған мәселелерді мемлекеттік деңгейге дейін көтере түссе деген тілегімізді де жеткізгенді құп көрдік. Сонымен бірыңғай ізденіс үстінде жүретін, туған жерімен тамырлас қаламгер досымызға: «Жазар көбейсін, алдағы өміріңіз мәнді де сәнді болсын. Халқыңыз бен Балқашыңыздан қуат ала беріңіз!», - дегіміз келеді.

Қараша ҚАРАМАН